

(қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы бүкіл қазақ қоғамын жан-жақты сипаттауға, нақты сол кезеңдегі тарихи жағдайларды талдауға қомақты үлес қоса алатыны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Тәсілова Н. Статистика ғылымы және статистикалық деректерді талдау әдістері // ҚазҰУ хабаршысы. — Тарих сер. — № 2 (45). — 2007.
2. Волкова Т.П. К изучению и использованию данных дореволюционной бюджетной статистики казахских хозяйств // В кн.: Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период). — Алматы, 1988. — 369 с.
3. Алферова Ю.А. Ф.А.Щербина в общественно-политической жизни России: 60-е годы XIX – начало XX вв.: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — М., 2003. — С. 10.
4. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей / Под. ред. Ф.Щербины. — Т. 1. Акмолинская область. Кокчетавский уезд. — Воронеж, 1898.
5. Кауфман А.А. Материалы по вопросу об организации работ по образованию переселенческих участков в степных областях. — СПб., 1897. — 149 с.
6. Петрова Т.П. К вопросу о составе экспедиции Ф.А.Щербины по исследованию степных областей Казахстана // Изв. АН КазССР. Сер. общ. наук. — Алма-Ата, 1980. — № 4. — С. 51.
7. Тәсілова Н. Щербинаның экспедициясы: тарихи алғы шарттары, зерттеушілердің құрамы мен негізгі әдістемесі // Қазақ тарихы. — № 2. — 2008.
8. Бөкейхан Ә. Жауап хат // Қазақ. — 1913. — № 24 // «Қазақ» газеті. — Алматы, 1998. — 58-б.
9. Волкова Т.П. Некоторые проблемы источниковедческого изучения материалов экспедиции Ф.А.Щербины // В кн.: Проблемы историографии Казахстана. — Алматы, 1983. — С. 57.
10. Волкова Т.П. Материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей / Источниковедческое изучение: Дис. ... канд. ист. наук. — М., 1982. — 170 с.
11. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей / Под. ред. Ф.Щербины. — Т. VI. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. — СПб., 1905. — С. 101–104.
12. Дорофеева О.П. Общественно-политическая деятельность Ф.А.Щербины в конце XIX – начале XX веков в Воронежском крае: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Воронеж, 2007. — 23 с.
13. Чермак Л. Новый бюрократический опыт над киргизами. Вопрос о переселенчестве // Сибирские вопросы. — СПб., 1906. — № 1.

ӘОЖ 32:574 (925)

С.Б.Стамбулов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

В статье рассматриваются проблемы и перспективы сотрудничества стран Центральной Азии в экологической сфере, анализируются основные направления экологической политики стран региона, выделяются наиболее злободневные нерешенные вопросы — водопользования, правового статуса Каспийского моря, а также проблемы Арала.

In the article the cooperation problems and perceptiveness of countries of Central Asia in ecological sphere are considered, main directions of ecological politics in countries of region are analyzed, the most routine, unsolved problems of water using, legal status of Caspian Sea and problems of Aral Sea are represented.

Қоршаған ортаның жағдайы кез келген мемлекеттің дамуындағы алдыңғы қатарлы мәселелердің бірі болуы тиіс. Бұл реттегі экология мәселесі, әсіресе осы саладағы қордаланып келе жатқан «тарихи проблемаларды» шешу жолдары орнықты даму аясында қарқынды жүзеге аспақ.

Алдымен, экологиялық хал-ахуалды жақсартудағы ең маңызды мәселелердің біріне айналғаны — Арал теңізінің тартылуыны тоқталсақ. Бұл тек Қазақстанға ғана емес, бірнеше мемлекетке ортақ сауал қойып, ортақ шешімін күтіп отырған мәселе. Осы мәселеге назар аударып, оны шешу мақсатында БҰҰ мен Бүкіләлемдік банк Орта Азиялық бес мемлекетке — Қазақстан, Қырғызстан,

Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстанға бірқатар талаптар қойған. Олардың ең бастысы әр республиканың Арал аймағындағы өз халқының жағдайын жақсартуға бағытталған заң шығаруы міндеті болатын. Сонымен қатар республикаларға өз бюджеттері есебінен Аралды құтқару қорын құру ұсынылды. Содан соң Қазақстан мен Өзбекстан жұртшылығы өкілдері қатынасқан «Аралға — араша!» атты телемарафон ұйымдастырылып, одан түскен қаражат және медициналық құрал-жабдықтар Арал аймағы тұрғындарына жеткізілді.

Арал теңізі алабы елдерінің нақты іс жүзіндегі серіктестігінсіз және олардың төменде аталған бағыттар бойынша күш біріктіруінсіз су қорын басқару саласындағы жоғарыда аталып өткен кемшіліктерді жою мүмкін емес:

1) суды басқару мен суды үнемдеуді алаптық принцип бойынша ұйымдастыру;

2) әрбір мемлекеттегі салааралық серіктестік арқылы экономика және табиғат секторларының мүдделерін біріктіру;

3) «мемлекет — су шаруашылығы жүйесі — су пайдаланушылар бірлестігі — аймақтық су шаруашылығы және әкімшілік органдар — су пайдаланушылар және су тұтынушылар» тізбегіндегі тік серіктестік арқылы суды басқару жүйесі деңгейлерін интеграциялау;

4) суды басқару жүйесі сатыларының (иерархия) барлық деңгейлеріндегі мәселелерді шешуге қатыстыру арқылы, сонымен қатар үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі арқылы су пайдаланушылар мен су шаруашылығы органдарын интеграциялау;

5) ғылым мен өндірістің су пайдаланушылармен және су шаруашылығы ұйымдарымен серіктестігі арқылы білім мен тәжірибені интеграциялау;

6) халықаралық қаржылық ұйымдар мен аймақтағы елдердің басқарушылығы (координация) мен серіктестігі арқылы халықаралық донорлар мен аймақты интеграциялау.

Күш біріктіру идеясын іске асыру үшін келесі іс-шаралар бағдарламасын ұсынамыз.

Аймақтық серіктестікті басқару және үйлестіру үшін су шаруашылығы жөніндегі Координациялық Кеңесі (МКСК) арқылы Орнықты даму жөніндегі халықаралық комиссияны (ОДХК) тарта отырып және аймақтық Энергетикалық ұйымдар Кеңесінің, аймақтық экологиялық орталықтардың, Үкіметтік емес ұйымдар Кеңесінің мүшелерінің қатысуымен Арал теңізін құтқару жөніндегі Халықаралық қор (АҚХК) шеңберінде Арал теңізі алабы жөніндегі су шаруашылығы Кеңесін құру көзделіп отыр.

Табиғат заңдылықтарын ескермеу, табиғатты үнемді қолданбау, оған деген бейқамдық және табиғат ресурстарына деген тұтынушылық көзқарас қоршаған ортаға орасан зор зиян келтіруде. Сондықтан қазіргі таңда біз ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері мен бағдарларын, жаңа технологиялар мен техниканы жер бетіндегі тіршілікке, қоршаған ортаға пайдасы тиетіндей етіп пайдалануымыз керек. Ол үшін шикізат шығынының мөлшерін көбейтпей, аз қалдық беретін немесе тіпті қалдықсыз технологияларға көшу, энергия мен шикізаттың дәстүрлі түрлерін қазіргі заманғы және таусылмайтын көздерімен ауыстыру қажет.

Өзбекстан Президенті И.Кәрімов айтқандай, «біз Орталық Азияның өзіне ғана тән жер мен суға ерекше құрмет көрсету дәстүрін жаңғыртуымыз керек» [1]. ОАР суға деген сұраныс пен су ұсынымының арасындағы қарама-қайшылықты әлсіретудің бір ғана жолы — жаппай су үнемдеу арқылы суға деген сұранысты төмендету. Бұл міндет, бір жағынан, суға деген нақты сұраныстың көлемін нормативтік сұраныс көлеміне жақындату жолымен, ал екінші жағынан, ауыл шаруашылығында судың тиімді пайдаланылуы есебінен нормативтік сұраныс көлемін төмендету жолымен жүзеге асырылуы тиіс.

Өзбекстанда фермер қожалықтарының пайда болуына және Қырғызстан мен Тәжікстанда ақылы су пайдаланудың дамуына байланысты суды есепке алу, соның ішінде ақылы негізде есепке алуға деген назар күшеюде. Қырғызстанда суды өлшеудің стационарлық құралдарының жетіспеуінен АВП мұраптары кейбір жерлерде жылжымалы су құйғыштарды қолданып жүр (Чиполетти, Саттарқұлов су құйғыштары). Ферғана және Қашқадария облыстарында фермер қожалықтары мен ұжымдық шаруашылықтар бригадаларына су берілуін есепке алуды қамтамасыз ету үшін САНИИРИ астауларын өндіріп, қондыру ұйымдастырылды.

Су айналымы дәстүрлі түрде барлық ортаазиялық республикаларда пайдаланылады. Су қорының тапшылығы өскен сайын, су айналымын пайдалану дәрежесі де жоғарылауда. 2000–2001 жж. су тапшылығының шектен шығуына байланысты ауданаралық су айналымы кең қолданыла бастады.

ОА елдеріндегі су сапасын басқару жүйесі 50 жыл бұрын қабылданған ластануды қысқартуды және су экожүйелерін қорғауды ынталандырмайтын стандарттар негізінде жүзеге асырылып келді. ОА мемлекеттері қабылдаған су ресурстарының сапасын жақсартатын жалпы мақсаттар

сектораралық және мемлекетаралық ынтымақтастықтың негізі болып табылады, ал Еуропалық су директивасы бұл жұмыстың үлгісі бола алады.

Қазақстан тәжірибесі көрсеткендей, су ресурстары комитеті құрған және ОА Аймақтық экологиялық орталығының қолдауымен Қазақстан Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ведомствоаралық жұмыс тобы Еуропалық су директивасы тәжірибесін есепке ала отырып, жаңа әдістеме жасап шығарды, онда табиғат қажеттіліктері, сондай-ақ су пайдаланушылардың технологиялық және инвестициялық мүмкіндіктері ескерілді. Бұл тәжірибені ҚР-ның барлық аумағына, сонымен қатар тарихи жалпы заң мен су ресурстарының шекарааралық сипаты ескерілген Ресейде де тарату ұсынылуда.

Қабылданған міндеттемелерге сәйкес ОА-да энергияның жаңартылған қайнар көздерін энергияның бастапқы жеткізулерін 15 %-ға дейін арттыру жоспарланып отыр. Оған су энергиясының үлесін көбейту арқылы жетуге болады. Тәжікстан дүние жүзінде су ресурстары бойынша үшінші орынды иемденеді, оның жалпы гидроэнергетикалық потенциалы жылына 527 000 ГВт болса, бұл мөлшер Қырғызстанда жылына 162 500 ГВт, Қазақстанда — жылына 110 000 ГВт, Өзбекстанда жылына 88 000 ГВт құрайды, сондай-ақ ол Еуропалық қоғамдастықтың энергетикалық бастамаларына сәйкес келеді және мемлекеттерге энергияның жаңарған қайнар көздерінің үлесін 2010 жылға қарай 15 %-ға дейін көтеру және энергияның тиімділігін арттыруды ұсынады. Тәжікстан мен Қырғызстан ресейлік серіктестермен бірге және ЕврАзЭС-пен осы саладағы инвестициялық жобаларға кірісіп кетті.

Сонымен қатар ОА мемлекеттері үлесті көрсеткіштері бойынша әлемдегі энергияны ең көп мөлшерде қолданатын экономикалар болып табылады. ОА мемлекеттерінің барлығы климаттың өзгеруі жөніндегі Рамалық Конвенция тараптары болуына қарамастан, энергия тиімділігі жағынан прогреске негізді тосқауылдар бар.

ТАСИС-тің «Таза өндірісті енгізу» жобасын іске асыру барысында қолданыстағы стандарттар мен заңдар энерготімді технологиялар мен жабдықтарды енгізуге кедергі келтіретіндігі анықталды. Бірнеше онжылдықтар бұрын құрылған стандарттар энергияны сақтауға және жаңарған энергетиканы дамытуға бағыттылмаған. ОА елдеріндегі арзан көмір, газ және гидроэнергияны сақтауға арналған бағдарламаларды ынталандырмайды. Қазақстандағы пилотты жобалар көрсеткендей, тіпті ішкі гранттар есебінен өнеркәсіп мекемелерінде, сондай-ақ бюджеттік мекемелерде (мектептер мен ауруханаларда) энергияны сақтау жабдықтарын енгізу оларға пайдасын тигізбейді. Энергияны тұтыну жүйесінде нормативтер мен үлестік көрсеткіштер, бақылау жүйесі және экономикалық ынталандыру жоқ. Сондықтан Киото Хаттамасын ратификациялаудың саяси мәселелерінен басқа энергетика саласында нормативті базалар мен стандарттарды өзгерту бойынша, оларды үйлестіру мен ортақ энергетикалық мүдделері мен жүйелері бар елдер арасын жақындастыру үшін көп жұмыстар істеу керек.

Тағы бір экологиялық қауіп төніп отырған Каспий теңізі проблемасын шешуде арнайы пилоттық жоба талқыланды.

Каспий экологиялық бағдарламасы шеңберінде бес республиканың әрқайсысы өз жұмыс көлемін орындап отырғаны белгілі. Қазақстанда бұл бағытта екі орталық қызмет атқарып отыр, олар — биологиялық әр алуандылықты сақтау жөніндегі және теңіз деңгейінің тербелісін бағалау жөніндегі орталықтар. Қатысушы-елдердің әрқайсысы ұсынған пилоттық жоба талқыланды. Қолданбалы шешімдердің ішінен Каспийдегі итбалықтардың жаппай қырылуын зерттеуге арналған сарапшылар жұмыс тобының ұйымдастырылуын атап өтуге болады:

- 1) Алтай-Саян тау экоаймағының биологиялық әр түрлілігін сақтау және тұрақты пайдалану;
- 2) Батыс Тянь-Шаньның биологиялық әр түрлілігін сақтау;
- 3) Арал теңізі алабындағы шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың өңірлік бағдарламасын әзірлеу жөніндегі ұлттық реттеуіш координаторлар жұмыс тобының екінші отырысында Орталық Азияның әрбір елінде пилоттық жобаларды барынша жылдам әзірлеу қажеттілігі аталып өтті. Төменде аталған шараларды әзірлеу ұсынылды;

- 4) Қазақстан Республикасында — «Жайылымдық жерлерді басқару» тақырыбы шеңберіндегі пилоттық жобаны;

- 5) Қырғызстанда — «Суорман шаруашылығы мен жазық және таулы аймақтарда орман ресурстарын басқару» және «Биологиялық әр алуандылықты сақтау және табиғатты қорғау; экотуризмді дамыту» тақырыптары шеңберіндегі жобаларды;

- 7) Тәжікстанда — «Ауыл шаруашылығында суды пайдалануды жақсарту; эрозия, саздану және саздауыттанумен күрес» тақырыбы шеңберіндегі пилоттық жобаны;

8) Түркіменстанда — «Агробиологиялық әр алуандылықты сақтау және табиғатты қорғау; экотуризмді дамыту» тақырыбы шеңберіндегі пилоттық жобаны;

9) Өзбекстанда — «Шөлейттену процестерінің мониторингі, бағалануы және олардың қоршаған ортаға әсерін бағалау» және «Құрғақшылықтың ерте алдын алу және салдарларын кеміту жүйесін құру» тақырыптары шеңберіндегі пилоттық жобаны.

Жоғарыда атап көрсетілген мәселелерден Орталық Азия менталитетінің тарихы мен ерекшелігі ОАА Орнықты дамуды (ОД) іске асыру саясатына қатысты оң да, теріс те жақтары бар екендігін көруге болады. Сондықтан теріс тенденцияларды жойып, әлсіретіп, оң тенденцияларды жандандырып, күшейтіп, дамытып, насихаттау қажет.

ОД пайдасы тиер ең күшті менталитет — халықтың ауқатты өмір сүруге деген ұмтылысы. ОД осы мақсатқа жетуге септігін тигізеді, ОД принциптері мен мақсаттары туралы сауатты ақпарат беру шарты орындалған жағдайда халық ОД іске асыру саясатын қолдайды. Қазіргі заман адамдары дәлелдерге сенеді, оларды ОД басымдықтарының сөзсіздігіне сендіріп, ОД стратегиясы мен тактикасын жүзеге асыруға бағыттауға болады.

ЕЭК БҰҰ қолдауымен ОА мемлекеттері сарапшыларымен шекарааралық контекстегі Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) бойынша Конвенцияны практикалық қолдануға арналған басшылық жасалды, мемлекеттік, үкіметтік емес ұйымдар, жеке секторларға және донорларға арналған ұлттық өңірлік семинарлар өткізілді. Бүгін ОА мемлекеттері сарапшылары мен мамандары осы басшылықты пайдалануда. Осы процестің негізінде ОА мемлекеттерінде осы тағы басқа да басшылықтарды қолданыстағы заңға, практикалық механизмдер мен процедураларға енгізу қажет.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әрекеттердің жергілікті (аймақтық) жоспарлары (ҚОҚӘАЖ). ОА мемлекеттерінің дәстүрлері мен мәдениетінде көптеген проблемалар жоғарыдан шешім күтпей-ақ жергілікті деңгейде шешімін табады. ОА аймағында жергілікті ұйымдар мен ауылдық жерлерге арналған бірқатар жобалар бар. Бұл АДБ (Қырғызстан және Қазақстан ауылдарын сумен қамтамасыз ету), Швейцарияда (САМП) т.б. 2003–2005 жж. ОААЭО Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әрекеттердің аймақтық жоспары (ҚОҚӘАЖ) бойынша үйлестірушілер мен сарапшылар желісін қалыптастырып, ОА мемлекеттері мен Каспий маңында жергілікті деңгейде әр түрлі жобаларды жүзеге асырды. ТАСИС бағдарламасының қолдауымен Каспий маңындағы елдерде (Әзербайжан, Қазақстан, Ресей және Түркіменстан) табиғи ортаны сақтау мақсаттарына және орнықты дамуға бағытталған (балық өсіру, жайылымдарды қалпына келтіру, емханаларға арнап қымыз өндіру т.б.) кіші бизнесті қалыптастыру және қолдау бойынша гранттық бағдарламаларды іске асырды.

Орхусс Конвенциясының 2-ші кездесуінде (Алматы, 2005) ОА-ның үкіметтік емес ұйымдары және мемлекеттік ұйымдары халықаралық келісімдердің міндеттемелерін орындау мүмкіндіктері талқыланды. Мүмкіндіктерді нығайту саласында мына басымдықтар белгіленді:

- мемлекеттік мекемелер үшін қазіргі кезеңдегі ақпараттық жүйелерді пайдалану;
- қоғамдық мекемелер үшін шешімдерді қабылдау процесінде және жоспарлар мен бағдарламаларды кәсіби талқылауда үкіметтік емес ұйымдардың қатысу мүмкіндіктерін қолдау;
- сараптамалық және ғылыми мекемелер үшін жалпы зерттеу бағдарламалары, біртұтас әдістемелерді қолдану қазіргі кездегі стандарттарды жасау және жетілдіру мүмкіндіктері;
- жергілікті ұйымдар үшін қоршаған ортаны қорғау және дамытуда жергілікті жоспарлар әрекетін қолдау.

Кеңестердің нәтижесі бойынша Орталық Азияда осы саладағы болашақ бағдарламалар мен жобаларға бүгінгі таңда негіз болып табылатын Конференцияның қорытынды Декларациясы қолдаған мүмкіндіктерді нығайту жөніндегі ұсыныстар мақұлданды және қабылданды.

Аймақтың экологиялық проблемаларын шешуге қоғамның қатысуы экология проблемаларын шешудің және дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. РИО Декларациясының 10-шы қағидасы, сондай-ақ Орхусс Конвенциясына сәйкес барлық халықаралық бағдарламалар мен жобалар да соның құрамына енеді. Экология министрліктерінің жанынан қоғамдық кеңестер құрылуда, орнықты даму жөніндегі ұлттық комиссиялар үкіметтік емес ұйымдарды, ОДМК және АҚХҚ-ды өздеріне қосып алды, сондай-ақ соңғы жылдар бойында қоғамдық кеңестерді құру жөніндегі процесс жүргізуде. Аймақтағы бірқатар мемлекеттерде (Қазақстан, Өзбекстан) экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың ұлттық форумдары ұйымдастырылды. Басқа да мемлекеттерде осындай процестер жүргізілуде. ОА мемлекеттерінің үкіметтік емес ұйымдары өздері ОА үшін үкіметтік емес ұйымдардың аймақтық форумын құру туралы бастама көтерді.

Кейбір мемлекет үкіметтері үкіметтік емес ұйымдардың жобалық қызметін қолдауға арналған арнайы гранттық бағдарламалар әзірледі. Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығында (ОААЭО) үкіметтік емес ұйымдарға және халықтың басқа да топтарына арналған қоғамдық бастамаларды қолдауға арнайы бағдарламалар бар. 2002–2005 жылдар аралығында ОААЭО жалпы алғанда 100-ден астам жобаны қолдады, сондай-ақ ұлттық және аймақтық дәрежеде үкіметтік емес ұйымдардың кездесулер өткізуін үнемі қолдап отырады. Сонымен қатар экологиялық журналистика бойынша аймақтық ынтымақтастық процесі жөнінде бастама көтерілді, бұл — ОА-ға арналған жыл сайынғы конференциялар, жақсы материалдар шығару т.б. ОААЭО-ның өзінде, оның басқарушылық ұйымында шешімдер қабылдауда үкіметтік емес ұйымдар министрліктермен қатар тұрады, бұл болашақ бағдарламаларды қалыптастыруда тепе-теңдік сақтауға және шешімдердің мөлдір болуын қамтамасыз етеді.

Қоғамды ақпараттандыру және ОААЭО аймақтық ынтымақтастығын қолдау үшін ОААЭО 5 тақырыптық Интернет-сайттарды қолдайды, олар: Су жөніндегі серіктестік (ОЭСР бірлесе отырып), Болашақ қаласы (ҚОҚЖЖ), Экожелісі (Жабайы табиғат қоры) т.б. Ақпараттық материалдар, бюллетеньдер, анықтамалықтар жарияланымдары үнемі жүргізіліп тұрады. ОА мемлекеттері үшін барлық мүдделі мекеме, ұйым, кәсіпорындар мен жеке азаматтарға қызмет көрсететін және ақпарат тарататын мәліметтер қоры, кітапханалар желісі құрылған және дамытылуда.

ОА бағдарламаларының көпшілігі олардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін қаржылық механизмдердің жоқтығы оның әлсіз жері болып табылады. Ұлттық бюджеттердің есебінен қаржылық бағдарламалардың жеткіліксіз болуы оларды ішкі қолдауларға тәуелді етеді. Жобаларға негізделген донорлар тарапынан берілетін көмек қысқа мерзімді сипатқа ие және де тиянақтылықты қамтамасыз етпейді.

Орталық Азияның бірқатар мемлекетінде табиғатты қорғау қорлары құрылды. ОЭСР талдауы көрсеткеніндей, табиғатты қорғау ведомстволарының немесе экология және су шаралары мақсаттарымен байланысты қызметін қолдауға бағытталған жеткілікті қаржы жоқ. ВСУР-да мақсатты дамуды қолдауға арналған Орнықты дамудың қорларын құру ұсынылды. Экономика, қаржы және экология министрлерінің 2001 жылы өткен кездесуі барысында ОА-да орнықты дамудың қоғамдық қорын ұсыныс қолдау тапты. Жақында Қазақстанда орнықты дамудың қоры құрылды. Бірақ экология және су бағдарламаларын қаржыландыру мүмкіндігі әлі белгісіз.

Қазіргі кезде Орталық Азияда су ресурстарының құны шынайы құнын бейнелемейді және суға ұқыпты болуға себепші болмайды. Шаруашылық қызметте экожүйелік қызметтердің құны мүлдем есепке алынбайды. Алайда халықаралық экономикалық көрсеткіштерге экожүйелік қызметтердің құнын бағалау және енгізу мәселелері Халықаралық Валюталық Қор, Дүниежүзілік Сауда Ұйымы сияқты ауқымды экономикалық және қаржылық институттарға тәуелді болып табылады.

ОА мемлекеттері қабылданған міндеттемелерге сәйкес энергияның жаңарған қайнар көздерінің үлесін 15%-ға дейін өсіруді жоспарлауда. Сондай-ақ бұл құжат ОА аймағында су секторлары, энергетика және экология интеграциясында маңызды рөл атқара алар еді. Сондықтан ОА мемлекет басшыларының бастамасы ОА-дағы су-энергетикалық консорциумын қалыптастыру бойынша жұмысы ОА мемлекеттерінің су және энергетика секторлары арасындағы өзара есеп айырысуға ғана негіз құрып қоймай (проблема экстерналий), Киото Хаттамасының экономикалық механизмдерінің көмегімен сектораралық және мемлекетаралық интеграцияға, экономикалық бағдарламаларға экологиялық мәселелерді енгізуге ықпал етеді.

Сонымен, жоғарыда атап өткеніміздей, Орталық Азия мемлекеттерінің келешегі негізінен табиғи тепе-теңдік пен су ресурстарына байланысты болып отыр. ОА-ның жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың жеке секторларының бытыраңқы немесе бірікпеген және көріністік күштері күтілген нәтижелер әкелген жоқ және қоршаған орта мен оның дамуы туралы мәселелерді шешпейді. Бұған ұзақ мерзімді процестерге негізделген, мүдделі тараптар мен қоғамның кең түрде қатысуы, жинақталған әлемдік тәжірибеге және өз потенциалына негізделген, халықаралық және аймақтық бағдарламаларға интеграциялау жүргізуге жаңа көзқарас қажеттілігі туындап отыр. ОА-ның Еуропалық Одақпен ынтымақтастығы ОА мемлекеттері мен Еуропалық Одақ қабылдаған міндеттемелерді қазіргі кезде және болашақ ұрпаққа тиісті мәселелерді жүзеге асыруға ұзақ мерзімді негіз бола алар еді.

Күн сайын дамып келе жатқан өндірістік қуаттың салдарынан көптеген елдерде туындап отырған қоршаған ортаның ластану проблемасы қазіргі кезеңде халықаралық сипатқа ие болды. Бұл проблеманы шешуге мемлекеттік, қоғамдық, сонымен қатар халықаралық ұйымдар қатынасуда. БҰҰ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріндегі рөлін атап өткен жөн.

БҰҰ қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) әлемнің барлық түкпірінде, соның ішінде Орталық Азияда да қызмет атқаруда. Онда нақты ұлттық проблемаға баса назар аудара отырып, әр елге арналған жоспар әзірленген.

1992 жылы Рио-де-Жанейрода болып өткен Дүниежүзілік экологиялық форумда БҰҰ ұсынған Орнықты даму жөніндегі Конвенция қабылданды. Бұл экономика тұрғысынан тиімді, әлеуметтік жағынан әділетті әрі экологиялық залалсыз дамудың кешенді бағдарламасы. Форумға қатысушылар халық пен қоршаған ортаның қарым-қатынасы мәселесі бойынша халықаралық консенсустың заманға сай маңызын атап өтті. ОА елдерінің көбі бұл кездесуге қатыса алмағанымен, кейіннен олардың бәрі БҰҰ барлық конвенцияларын ратификациялап, қол қойды.

1997 жылдың маусым айында БҰҰ Бас Ассамблеясы осы бағдарламаны іске асырудың барлық нәтижелерін шығарды. ОА мемлекеттері Бас Ассамблея сессиясына БҰҰ Қоршаған орта және даму жөніндегі конвенцияны қабылдаудан кейінгі кезеңдегі өз қызметі туралы есептерін ұсынды. Атап айтқанда, өзбекстанда осы форум ұсыныстары мен шешімдерін орындау шеңберінде Министрлер Кабинетінің 1997 жылғы 12 қарашадағы Қаулысымен Орнықты даму жөніндегі комиссия құрылған. Одан бұрын Өзбекстан Республикасының алдына «XXI ғасырға арналған Күн тәртібінің» бірінші редакциясын әзірлеу міндеті қойылды. Онда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жобасы Өзбекстанның ұлттық қауіпсіздігі концепциясының бір бөлігі ретінде белгіленді.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыру механизмін жетілдірудің басымдылыққа ие болып табылатын бағыты — табиғатты пайдалану туралы заңдар мен нормативтер қорын реформалау. Өзбекстан Парламенті табиғатты қорғау туралы бірнеше негізгі заңды қабылдады, атап айтқанда, олар: «Су және суды пайдалану туралы», «Ерекше күзетілетін табиғи аймақтар туралы» (1993), «Жер қойнауы туралы» (1994) және «Жануарлар әлемін қорғау және пайдалану туралы» (1997) заң актілері.

2000 жылғы қаңтар айында Ташкент қаласында республикадағы ластаушылардың шығарылуы және көшірілуі тізімдемесін құруға арналған семинар болып өтті. ЮНЕП және Ресейдің Экология жөніндегі мемлекеттік Комитетінің бірлесе қатысуымен ұйымдастырылған бұл семинар Табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік Комитетте өткізілді. Сонымен қатар Өзбекстанды қоршаған ортаның отын-энергетикалық, химия және металлургия кешендері кәсіпорындарының, сондай-ақ құрылыс өнеркәсібі және көлік қалдықтарымен ластануы мәселесі де ерекше толғандырып отыр. Семинарда атап өтілгендей, 2 мың кәсіпорын қызметінің нәтижесінде жыл сайын 100-ден астам улы зат атаулары, яғни 2 т улы зат атмосфералық ауаға тарайды. Қоршаған табиғат пен ауаны ластаушы заттардың 80 % жуығын Ташкент, Ферғана, Қашқадария, Бұхара және Навои облыстарында орналасқан кәсіпорындар таратады екен. Себебі республиканың негізгі өнеркәсіптік потенциалы, дәлірек айтқанда, өндірісі экологиялық тұрғыдан «лас» зауыттар мен фабрикалар дәл осында шоғырланған [2].

Мамандардың таңдаулы зерттеулерінің қорытындысына қарағанда, бірнеше аудандағы топырақтың жағдайы елеулі қауіп туғызып отыр. Әсіресе ауыл шаруашылық зиянкестермен күрес барысында пестицидтердің белсенді түрде әрі қадағалаусыз пайдаланылуының салдары аса алаңдатушылық туғызуда. БҰҰ сарапшыларының пікірінше, қазірге белгілі аса қауіпті улы заттардың ішінен қоршаған ортаға тигізетін әсері тіпті ауыр металдардан да, хлорлы органикалық пестицидтерден де, өзге заттардан да қауіптірек болатын диоксидтер ең қауіпті заттар болып табылуда. Сарапшылар бұл мәселенің ОА, өзге мемлекеттеріне қарағанда, Өзбекстан үшін аса маңызды екеніне қарамастан, берік органикалық ластаушылар (БОЛ) мәселесінің бір бөлігі ретінде диоксидтер проблемасының әлі күнге дейін өз шешімін таба алмай отырғанын атап өтті.

БҰҰ мамандарының қатысуымен Өзбекстанда Табиғат жөніндегі мемлекеттік комитет бөлімшелер қорғау жөніндегі ведомстволық бөлімдері жүзеге асыратын ластаушы көздер мониторинг жүйесі құрылды. Онда істейтін мамандар ЮНЕП нұсқаушыларының басшылығымен арнайы оқудан өтті. Бұл мониторинг кәсіпорындар шығаратын қалдықтарды бағалап, технологиялық процестердегі өзгерістерді анықтауға, сонымен қатар қалдықтардың көбеюінің себептерін ашып, оларды болдырмау жолдарын іздеп табуға мүмкіндік береді.

ЮНЕП Орталық Азиялық мемлекеттердің астаналарында жыл сайын семинарлар өткізіп тұрады, ол семинарларға толғандыратын мәселесі бір елдердің өкілдері арнайы шақырылады.

Өзбекстанда туындаған жағдай осы аймақтағы басқа мемлекеттерге де тән. Гидрометеорология жөніндегі мемлекеттік комитеттің мәліметтері бойынша, 90-шы жылдардың басында Қазақстан мен Орта Азия аумағында атмосфераның ластануы Ресей мен Украинаның еуропалық жағындағы ластану деңгейінен төмен болғанымен, кейбір аймақтардағы жергілікті ластанулар деңгейі айтарлықтай

жоғары болды. Мысалы, ҚР Статистика жөніндегі мемлекеттік агенттігінің мәліметтері бойынша, 1993 жылы зиянды заттардың атмосфераға таралу көлемі 3,7 млн. т астам, ал автокөліктерден шығатын түтінді есепке алғанда, 6 млн. т жуық болған [3]. Қазақстанның металлургиялық зауыттары (ОА өзге республикаларындағыдай) ескірген технологиялар негізінде жұмыс істейді. Соның нәтижесінде шойын мен болатты балқыту кезінде қалдық көп шығып, атмосфералық ауаға көптеген зиянды заттар тарайды.

Ал радиациялық қалдықтар бұдан да зор проблема болып табылады. Зерттеу барысында оларды жинақтаудың 100 орны анықталған. Кейбір мәліметтерге қарағанда, 90-шы жылдардың басында Қазақстанда радиациялық техногендік ластану ауданы 35 шаршы км-ден астам болған.

1993 жылдың жазында біздің республикаға Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық ұйымның (МАГАТЭ) делегациясы келіп, мемлекетіміздің атом энергиясы объектілерімен танысты. Еліміздегі жағдай апатты деп танылмағанымен, МАГАТЭ жағдай мониторингі, мамандарды даярлау және радиациямен залалданған жерлерді қалпына келтіру әдістемесін әзірлеу міндетін өз қолына алды.

Ядролық қаруды таратпау ісінде және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Ядролық қарудан азат аймақтар (ЯҚАА) құрылуының маңызы зор. БҰҰ-ның 1975 жылғы 11 желтоқсандағы № 3472 В қарарында: «Ядролық қарудан азат аймақ деп БҰҰ-ның Ассамблеясы солай деп таныған мемлекеттердің кез келген топтары өздерінің егемендігін конвенция немесе шарттың күшіне сәйкес еркін жүзеге асыру жағдайында құрған кез келген аймақ саналады, оларда: осы аймақ турасында әрекет ететін, соның ішінде аймақты белгілеу процедурасын қамтитын, ядролық қарудың мүлдем жоқтығы туралы мәртебе белгіленеді, сол мәртебеден туындайтын міндеттемелердің сақталу кепілдіктерін қамтамасыз етудің, тексеру мен бақылаудың халықаралық жүйесі құрылады» [4].

Жақында Өзбекстан ЯҚАА-ны құруды ұсынды. Қазіргі кезде ядролық қарудан азат аймақтар әлемнің 111 мемлекетін және жер құрлығының (Антарктида туралы шартты қоса алғанда) 50 % астам көлемін қамтиды [5].

1997 жылғы 28 ақпанда Алматыда болып өткен Орталық-азиялық бес мемлекет басшылары кездесуі қорытындысы бойынша қабылданған Алматы декларациясында Орталық Азияда ядролық аймақ құру идеясы жоғары дәрежеде қолдау тапты. Құжат ынталы елдердің барлығы Семей полигонының елу жылдығы қарсаңында Орталық Азияның ядролық аймақ деп жариялау идеясын қолдауға шақырды. Ол аймақтағы басқа мемлекеттердің қосылуы үшін де ашық. «Арал проблемасын, Орталық Азияда ядролық аймақ жасау және ядролық технология мен шикізаттың шығып кетуіне қарсы күресті қоса отырып, экономикалық қауіпсіздіктің кешенді бағдарламасын жасау қажет», — деп танылды [6]. Бұл қауіпсіздіктің бір түрі болып табылады.

ЯҚАА құру туралы бастаманы алға тартуға түрткі болған себептердің бірі ОА елдерінің аймақтағы экологиялық ахуалды сауықтыру ниеті болғаны белгілі. Осыған байланысты Қытайдың жабылмаған сынақ полигонының аумағы ЯҚАА тікелей жанасып жатқандығы оның көршілерін мазаландырады.

1994 жылы тамызда Бішкекте Қазақстанның «Невада — Семей» және Қырғызстанның «Лобнор» антиядролық қозғалысы және т.б. халықаралық қоғамдық әрі гуманитарлық ұйымдар конференция өткізіп, оның негізгі тақырыбы Шыңжаңдағы Қытайдың ядролық сынақтары ОА экологиялық жағдайға, тұрғындарға зиянды әсері туралы болды. Жиынға қатысушылар аймақтағы радиациялық жағдайды бақылауды күшейтуге, ядролық сынақтарға тыйым салуға қол жеткізуге қажеттілігін атап өтті. Конференция қорытындысы бойынша Лобнордағы ядролық сынақтардың салдарын ғылыми-зерттеу мақсатында үш жақты (Қазақстан, Ресей, Қырғызстан) мамандар тобы құрылды.

1995–1996 жылдары Қытай Лобнор ядролық сынақ полигонында бірқатар жерасты жарылыстарын өткізгені белгілі. Бұл Қазақстан мен Қырғызстан халқының алаңдатушылығын туғызып, қарсылық білдірілді. Осы жарылыстар техногендік ортаға, аймақ халқының денсаулығына елеулі нұқсан келтірді. 1996 жылы Қытай үкіметі: «1996 жылғы шілдеден бастап Қытай ядролық сынақтарды уақытша тоқтатады», — деп мәлімдеді. Пекин бұл маңызды шешімді «ядролық қарусыз елдердің, соның ішінде Орталық Азия республикаларының талабын қанағаттандыру үшін қабылдады» [7] деп түсіндірді.

Орталық Азия республикаларында ядролық қару жоқ болғандықтан, Еуропалық Одақтың Орталық Азия елдеріне арналған ядролық қауіпсіздік жобасын жүзеге асыру ТАСИС бағдарламасы шеңберінде жүзеге асты.

ЕО-ның Орталық Азияға арналған 2007–2013 жылдар аралығындағы стратегия жобасы талқыланды. Бұл құжат Еуроодақтың үстіміздегі жылдың маусым айында өтетін саммитінде

мақұлданады деп күтілуде. Оның күн тәртібіне маңызды алты мәселе қойылған. Соның ішіндегі екінші мәселе ортақ қатерлер мен сынақтармен күрес болса, алтыншы мәселе қоршаған ортаны қорғауға бағытталған [8].

Сонымен қатар «Гендік-инженериялық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу туралы» заңының жобасы мен гендік-инженериялық өзгертілген ағзаларды мемлекеттік тіркеу қажеттілігі туралы құжатты әзірлеу көзделіп отыр.

Осыдан келіп, жергілікті және республикалық деңгейлерде табиғатты пайдалану бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр. Экологиялық таза өнімді өндіру осы саладағы материалдық-техникалық қамсыздандыруға, ұйымдастырушы экономикалық іс-шаралардың жүзеге асырылуына тікелей байланысты. Бұл іс-шараларға экологиялық сараптама жүргізіп, экологиялық тұрғыдан таза аймақтарды, яғни қорғалатын табиғи аумақтарды, анықтап, оларды тұрақтандыру және экономикалық мониторинг жүйесін құру жатады. Мониторинг мәліметтері арқылы табиғи ресурстар мен су қорының жағдайын, ластану түрі мен дәрежесін көрсететін өлшемдерді есепке ала отырып, жер ластануының дәрежесі мен түрі бойынша аймақтарды бөлу негізінде экологиялық таза өнім өндірістерінің орналасу орындарын негіздеуге болады. Шетелдік тәжірибелерге жүгіне отырып, елеулі нәтижелер беруге қабілетті өндірісті экологиялық түрде жүргізу, яғни шаруашылықтардың өзін-өзі экологиялық бақылауы мен табиғи қорды ұтымды пайдалануды реттейтін әкімшілік-құқықтық және экономикалық іс-шараларды біріктіретін жүйе құру, қажет.

Экологиялық таза өнімді өндіруде экономикалық әдістерге, яғни табиғатты қорғауға арналған инвестицияларды салықтан босату немесе оларға салықтық жеңілдіктер жасау; кәсіпорындардың таза табысы мен өзге де төлемдеріне салық салу; табиғатты қорғау объектілерінің құрылысына қайтарымсыз қарыздар, пайызсыз мақсатты несиелер, дотациялар беру, табиғатты тиімді пайдалану ережелерін бұзғаны үшін немесе табиғатты қорғау туралы келісім-шарт міндеттемелерін орындамағаны үшін, табиғи ресурстардың жағдайы туралы ақпаратты дұрыс бермегені үшін айыппұл салу; табиғи ресурстарды, яғни атмосфералық ауаны, су көздерін, топырақты, өсімдіктерді ластағаны үшін төлемақы алу сияқты әдістерге жүгіну керек.

Сонымен қатар жерді пайдалану мен оны қорғауды қадағалайтын экологиялық құрылымдарды құруды сатылап жүргізген тиімді болып табылады. Бұл құрылымдар табиғи қорды сақтау саласында мемлекеттің өкілеттігін жүзеге асырып, қалпына келтірілетін табиғи ресурстардың сандық және сапалық тұрғыда ұдайы өндірісін қамтамасыз етуі, табиғи ресурстарды экономикалық тұрғыдан негізделген табиғатты пайдаланғаны үшін төлемақы алу жүйесін қалыптастыруы, экологиялық таза өнімді есепке алып, оны экономикалық тұрғыдан бағалауы, осы салаға инвестициялар тартып, кәсіпкерлерді қолдауы, табиғатты пайдалану саласындағы сақтандыру қызметін дамытуы, республикалық және жергілікті деңгейлерде қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі жұмыс жоспарларын әзірлеп, техногендік қалдықтарды пайдаланғаны үшін тұтыну көлемін қысқартуды қамтамасыз ету бағдарламалары мен жобаларға қолдау жасауы тиіс.

Бұдан бұрын айтылып өткендей, Жаһандық экологиялық қор (ЖЭҚ) Орталық Азиялық өңірде ерекше рөл атқарады, ол төменде аталған табиғатты қорғау бастамаларына едәуір қолдау көрсетіп отыр:

- Каспий экологиялық бағдарламасы;
- Арал теңізі жобасы;
- Батыс Тянь-Шаньның биологиялық әр түрлілігін сақтау жобасы;
- су ресурстары мен экологияны басқару;
- Орталық Азияның агробиологиялық әр алуандылығын сақтау (ЖЭҚ);
- өтпелі кезең нарығы елдерінің Монреаль Хаттамасының лицензиялау туралы сауда-саттық ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету.

Орнықты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссия (ОДМК) Өңірлік іс-шаралар жоспары (ӨІЖ) және ОА Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аймақтық іс-шаралар жоспары (ҚОҚӨӨЖ) бірігуі үшін ең лайықты ұйым болып табылады. ҚОҚӨӨЖ 2012 жылға дейін іске асырылуға тиісті қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларды қамтиды. ҚОҚӨӨЖ шеңберінде ҚОҚӨӨЖ әзірлеуге қатысатын жауапты тұлғалар мен ынтымақтас орталықтардың бағдарламаларды іске асыру механизмдері іске қосылады. ӨІЖ іске асыру үшін жауапкершілік сәйкес мандаттарға ие болып отырған өңірлік ұйымдарға жүктеледі. Әр түрлі негізгі топтардың ӨІЖ іске асыруға қатысуын ұлттық экология және экономика министрлері осы елдердегі іс-шаралар жоспары мониторингі барысында келісуіне болады.

ӨІЖ әзірлеу және бірлесіп іске асыруда азаматтық қоғамның ұйымдары ерекше маңызға ие болуда. ӨІЖ тиімді болуы үшін барлық қатысушыларға, атап айтқанда, топ мүшелерінің саны аз қатысушыларға өкілеттік берілуі тиіс. Бұл қатысушы тараптарға ақпараттану, шешім қабылдау және табиғатты қорғау саясаты мен орнықты даму саясатын іске асыру мәселелерінде теңдік алуға мүмкіндік береді.

2000 жылдың ақпан айында Тегеран қаласында болып өткен Азия және Тынық мұхиты елдері бойынша экономикалық және әлеуметтік комиссияның (АТМЭӘК) аймақтық экологиялық ынтымақтастық мәселелеріне арналған мәжілісінде бес республиканың экология министрлері Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аймақтық іс-шаралар жоспарының қажеттілігін растады. 2000 жылғы наурыз айында Орталық Азияның бес мемлекетінің аймақтық сарапшылары Шымбұлақта (Қазақстан) болып өткен жиылыста Орталық Азиялық өңірдің аймақтық басты экологиялық проблемаларын талқылап, бірқатар келісім қабылдады. 2000 жылдың маусым айында Орнықты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссияның Бурабайда (Қазақстан) болып өткен мәжілісінде ҚОҚӨӘЖ Концепциясы ұсынылды.

2000 жылдың тамыз айында БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) Бангкок қаласында ұлттық және аймақтық іс-шаралар жоспарын әзірлеу бойынша семинар өткізді. Семинарда жауапты тұлғалар мен ұлттық сарапшылар Орталық Азияға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу принциптері туралы келісімге келді. Сонымен қатар 2000 жылғы тамыздың 31-інен қыркүйектің 5-іне дейін Китакою қаласында (Жапония) Азия және Тынық мұхит аймағы мемлекеттеріне арналған қоршаған орта және даму жөніндегі министрлер конференциясы болып өтті, ал Еуропадағы қоршаған орта бойынша алдын ала кездесу 2000 жылдың қазан айында Алматы қаласында (Қазақстан) өткізілді. Бұл форумдар Орталық Азиялық аймақтың министрлеріне ҚОҚӨӘЖ әзірлеу процесін қарастыру мүмкіндігін берді.

2001 жылғы шілде айына дейін осы аймақтағы елдер 2000 жылдың наурыз айында Шымбұлақта келісілген бес негізгі мәселені қамтитын Ұлттық іс-шаралар жоспарын әзірледі, ол мәселелер қатарына: ауаның ластануы, судың ластануы, қалдықтарды басқару, топырақтың және таулы аймақтардың тозуы жатады. ҚОҚӨӘЖ негізінде Ынтымақтастық орталықтары әр мәселе бойынша аймақтық шолуларды ұсынды. Ал 2001 жылдың шілде айында Душанбе қаласында (Тәжікстан) осы аталған мәселелердің әрқайсысы бойынша Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылау және мақұлдау бойынша семинар болып өтті.

2001 жылдың тамыз айында аймақтағы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аймақтық іс-шаралар жоспары талқылауға ұсынылды. Бангкоктағы кездесуде ұлттық жауапты тұлғалар мен ұлттық сарапшылар ҚОҚӨӘЖ бекітті. ҚОҚӨӘЖ іске асыру ресми түрде қыркүйек айында Алматы қаласында (Қазақстан) өткізілген құрылтайшылар кеңесінде басталған болатын.

Экология және биоресурстар министрлігінің Гарвард халықаралық даму институтымен, Стратегиялық зерттеулер институтымен, Ф.Эберт атындағы кормен, Әлеуметтік ғылымдар академиясымен, БҰҰ Орталық Азиядағы Өкілдігімен және БҰҰ ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібінің принциптері мен басымдықтарын ескере отырып, Орталық Азияның Қоршаған орта және орнықты даму жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспарын әзірлеуді бірлесе бастап, оны кеңейтіп отырған ұйымдармен серіктестігін тиімді ынтымақтастықтың мысалы ретінде келтіруге болады. Бұл серіктестік Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған Экологиялық Концепцияға енгізілетін тың идеялар мен көзқарастардың негізін салып, БҰҰ ХХІ ғасырға арналған Орталық Азиялық Күн тәртібін әзірлеу барысында стратегиялық басымдылыққа ие бағыттар мен тактикалық тұрғыдан тиімді іс-әрекеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

Өңірді орнықты дамыту мақсатындағы іс-шаралар жоспарының іске асырылуына екіжақты және көпжақты жобалар мен бағдарламалар да өз үлесін қосуда. Қазір жобалардың көбі жоспарлау немесе іске асыру кезеңінде тұр. Оларды жүзеге асыру барысында аймақтың жер және теңіз ресурстарына баса назар аударылуда. Қоршаған ортаның 2002 жылдағы жағдайы туралы (Азиялық Даму Банкі (АДБ) және ЭСКАТО мәліметтері бойынша) төмендегі тізім көрініс беріп тұр:

- метрополитеннің Экологиялық бағдарламасы (Дүниежүзілік банк);
- жаһандық экологиялық мәселелерді аймақтық зерттеу (АДБ);
- нарықтық құралдарды ілгері жылжыту (АДБ);
- Биологиялық әр алуандылықты сақтау жөніндегі аймақтық орталық (ЕС).

2003 жылғы 7–9 маусымда Алматыда өткен Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының (ЕҚЫҰ) Парламенттік Ассамблеясының трансазиялық форумда Орталық-

азиялық республикалар мен ЕҚЫҰ арасындағы қарым-қатынасты дамыту жалғаса түсетіні де айтылып, стратегиялық бағыт-бағдарды одан әрі тереңдету қажеттілігі атап көрсетілді.

ЕҚЫҰ Каспийдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқара алады. Каспий бойындағы бес мемлекеттің төртеуі осы ұйымның мүшелері болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстан «Каспийдегі тұрақтылық туралы пактіге» қол қоюды ұсынды. Сонымен қатар ЕҚЫҰ-ның трансазиялық қызмет векторында техногендік апаттар мен күйреулерді болдырмау, эпидемиялардың таралу жолдарына қорғаныш тосқауылдарын түзу жөніндегі жұмыс келешекті бағыт болып көрінеді. Осылайша Орталық Азия ЕҚЫҰ-дың жаһандық қатерлер мен сынақтарға қарсы тұруында бір форпостқа айналар еді. Ал ЕҚЫҰ Орталық Азияда берік тұрақтылық мен ұзақ мерзімді қауіпсіздікті қамтамасыз етуге елеулі үлес қосар еді.

Осы жылдың 10 сәуірде Ашғабат қаласында сыртқы істер министрлері деңгейінде «Еуропа Одағы — Орталық Азия үштігі» кездесуі болып өтті, оның жұмысына Сыртқы істер министрі Марат Тәжин бастаған қазақстандық делегация қатысты. Кездесудің күн тәртібі ЕО мен Орталық Азия арасындағы Жаңа серіктестік стратегиясын іске асыру, білім, құқық үстемдігі, сауда мен экономика, энергетика мен қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ ортақ қауіптер мен бірқатар халықаралық сипаттағы проблемаларға қарсы тұру салаларындағы өңірлік ынтымақтастық мәселелерін талқылау көзделген.

Қазақстандық тарап Стратегияны іске асыру жөніндегі қызметті жеке бағыттар бойынша жұмылдыруды ұсынбақ. Нақты жобаларды жүзеге асыруды талап ететін бірінші кезектегі салалар ретінде білім беру, көлік пен қоршаған ортаны қорғау салалары аталатын болды.

Стратегияның іс жүзінде жүзеге асырылуын жүйелендіру мақсатында ынтымақтастыққа жалпы алғанда білім саласында халықаралық тәжірибеге сай Қазақстанда өңірлік электрондық білім жүйесін енгізу ұсынылмақ.

Қазақстан сонымен қатар ықпал ету инструменттері, оқыту мүмкіндіктері мен өңір қажеттіліктерін еуропа мамандарын тарта отырып, кешенді зерттеу, бағалау қажет деп есептейді.

Біздің ел энергетика саласындағы халықаралық тасымалдау жобаларын, оның ішінде үкіметаралық деңгейдегі Еуропалық Одақтың ИНОГЕЙТ бағдарламасы, сол сияқты жүргізіліп отырған Энергетика Хартиясы шеңберіндегі жобаларды жүзеге асырудағы ынтымақтастықты жалғастыра бермек.

Тасымалдау саласындағы ережелер мен бағаларды реттеуге мүмкіндік беретін болашағы бар халықаралық жобаларға да көңіл бөлінуде. Біздің ел үшін Еуропалық Одақ пен Орта Азия мемлекеттерімен экология саласындағы оның ішінде су ресурстарын қолдану мәселелеріндегі ынтымақтастықты жалғастыру — маңызды бағыттардың бірі.

Еуразия континентіндегі су ресурстарын сақтау және зерттеу, Орталық Азиядағы өңірлік экологиялық орталықты дамыту мәселелерін шешу мақсатында салынып жатқан Астана қаласындағы Еуразиялық су орталығы құрылысында экологиялық таза ресурс сақтау технологияларын стратегия құралдарын қолдана отырып енгізу ұсынылмақ.

Қазақстан жағы сонымен қатар заң үстемділігі және демократия мәселелерінде Еуропалық Одақпен ынтымақтықты жандандыра түседі.

Сауда-экономикалық саласында Орта Азия мемлекеттері интеграциясы механизмдерін қалыптастыру үшін олардың нарықтық кезеңге өтуі және бәсекелестік деңгейін көтеру үшін Еуропалық Одақ стратегиясын қолдануды ұсынбақ [9].

Сонымен қатар мемлекеттердің шаруашылық қызметінің барлық салаларында халықаралық деңгейдегі келісім-шарттар мен келісімдер жасау, республикалық заңдарды шығару және нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігі айқын. Қорытындылай келе, қазіргі кезеңдегі экологиялық саясаттың ең маңызды бағыты табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау үрдістерін реттеудің жаңа құқықтық және экономикалық механизмдерін қалыптастыруға бағытталған институционалдық өзгерістер болып табылатынын атап өту қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. *Бораш Қ.* Туыстық туы, немесе Орталық Азия елдерінің өзара ықпалдасу мүмкіндігі туралы бірер сөз // Егемен Қазақстан. — 2006. — 2 наур. — 63-б.
2. Экологическое состояние окружающей природной среды Республики Казахстан и меры по ее улучшению: Гос. докл. — Алматы, 1996. — С. 18.
3. *Васильев Н.Г.* Охрана природы с основами экологии. — М.: Экология, 1993. — С. 26.

4. Зоны, свободные от ядерного оружия. (Вопросы и ответы). — Алматы, 1997. — С. 7.
5. *Арыстанбекова А.Х.* ООН и проблема разоружения // Казахстан-Спектр. — 1999. — № 4 (10). — С. 59.
6. Орталық Азия Республикалары басшыларының Алматы декларациясы. 1997 жыл // Егемен Қазақстан. — 1997. — 28 ақп.
7. *Бао И.* Китай: Стратегические интересы в Центральной Азии и сотрудничество со странами региона // Центральная Азия и Кавказ. — 2001. — № 5(17). — С. 121.
8. *Самат М.* ЕуроОдақ үштігі — Орталық Азия: ықпалдастық жолындағы қарымды қадамдар // Егемен Қазақстан. — 2007. — 6 сәуір.
9. Еуропа Одағы — Орталық Азия үштігі // <http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/News/nws2008/2008-04-10>

УДК 67.3 я73
Л – 38

Д.М.Легкий

Костанайский государственный университет им. А.Байтурсынова

ПРИСЯЖНАЯ АДВОКАТУРА НА ЗАЩИТЕ РЕВОЛЮЦИОННОГО ДВИЖЕНИЯ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ

Мақалада 1864 жылғы сот реформасынан кейін орын алған атақты саяси мәселелерге қатысты «Каракозов ісі», «Саяси жалған ақша шығарушылар ісі», «Нечаев ісі» сияқты атақты сот істеріне салыстырмалы сараптама жасалды.

The article covers the comparative analysis of the most known secretly handled court political processes «Karakozv's case» and «The case of the counterfeiters»; as well as «Nechaev's case» handled by the jury. This analysis allows observing the Russian Empire Court System's revolution.

С 1991 г. в странах СНГ происходит возвращение правового института суда присяжных, принимаются новые законы, регулирующие деятельность адвокатуры, что вызывает не только оживленные дискуссии среди профессиональных юристов, но и интерес у широкого круга общественности. Интересно, что подобная ситуация уже была в Российской Империи после 1861 г., с отменой крепостного права и проведением политических, «буржуазных реформ». По Судебным уставам 1864 г. Россия уже имела неперенные атрибуты демократического общества, как институт суда присяжных, так и присяжных поверенных — адвокатов, существовавшие вплоть до Октябрьской революции 1917 г. При обсуждении вопроса о целесообразности (имея в виду опасность) введения правового института суда присяжных, как в России, так и в Казахстане, оппоненты постоянно ссылаются на один из самых известных судебных процессов после введения в Российской Империи Судебной реформы 1864 г. по «делу Веры Засулич», когда суд присяжных (читай «суд толпы») вынес оправдательный приговор террористке, покушавшейся на жизнь царя-батюшки. Но ведь с таким же успехом можно в качестве доказательства обратного привести примеры других, не менее скандальных судебных разбирательств, как, например, по «делу Нечаева», открытого для прессы и публики, когда за убийство простого студента аналогичный суд присяжных вынес прямо противоположный вердикт, или связанных между собой процессов по делу Каракозова и «политических фальшивомонетчиков» при закрытых дверях, когда, несмотря на блестящую адвокатскую защиту, был вынесен самый суровый приговор.

В современных СМИ, смело рассуждающих на самые сложные политико-правовые темы, нередко случаются не только откровенные, заказные передергивания, но и явные заблуждения публицистов. Так, в некоторых солидных газетах, как российских, так и казахстанских, адвокатом Веры Засулич выступает не кто иной, как А.Ф.Кони, который был председателем суда; процесс над одиозной фигурой С.Г.Нечаева часто путают с другим процессом по «делу нечаевцев». Но наряду с этим в учебных пособиях и хрестоматиях по адвокатуре и правоохранительным органам не упоминают имен председателей Советов присяжных поверенных или знаменитых дореволюционных адвокатов, не приводят анализа хотя бы самых громких судебных процессов, а если вспоминают Каракозовский процесс, то заявляют об отсутствии на нем адвокатов. Более того, приводя громкую фразу А.Ф.Кони об «отцах и детях судебной реформы», неправильно указывают или путают фамилии руководителей